



Жалағаш жаршысы



«zhalaqash-zharshysy.kz»
ақпараттық агенттігі

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шығады

Президент

Медицина қызметкерлері — ұлт саулығының сақшысы

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев медицина саласы қызметкерлерін марапаттау рәсімінде жиналған қауымды Медицина қызметкері күнімен құттықтап, осы мерекеге орай дәрігерлермен Ақордада алғаш рет кездесіп отырғанын әрі бұл жиынның мән-мағынасы ерекше екенін атап өтті.

— Халқымыз «Бірінші байлық — денсаулық» деп бекер айтаған. Шын мәнінде, ұлт саулығы — еліміз үшін аса маңызды құндылық. Әлемнің «екінші ұстазы» — Әл-Фараби медицинаны өнер деп бағалаған. Расында, дәрігер болу — жүректің ісі. Бұл — екінші бірі аяқ баса бермейтін жүгі ауыр, күрделі жұмыс. Медицина қызметкерлері — ұлт саулығының сақшылары, ең қадірлі мамандық иелері. Әсіресе жаһандық індет, яғни ковид кезінде бүкіл ел дәрігерлердің адал қызметіне куә болды. Күрделі кезеңде медицина мамандары мыңдаған адамды құтқарып қалды. Біз абзал жандардың табанды еңбегін бағалаймыз. Олардың қайсарлығын мақтан тұтамыз. Бір адамның өмірін құтқару барша адамзатты құтқарумен бірдей. Дәрігерлер ота кезінде, аурухана палатасында күн сайын ерлік жасайды десек, артық болмайды. Жедел жәрдем көлігінде адам өміріне араша түсетін сәттер болады. Сондықтан сіздер, құрметті медицина қызметкерлері, бейбіт күннің батырлары деген атқа лайықсыздар. Мен барша медицина мамандарына зор ризашылығымды білдіремін, — деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев қазақ дәрігерлері қай кезде болсын, ел мүддесін бәрінен биік қоя білгенін, ұлт қайраткерлері Халел Досмұхамедов пен Санжар Асфендияровтың белгілі дәрігер болғанын, олар халқымыздың азаттығы үшін де, саулығы үшін де аянбай күрескенін атап өтті.

— Бүгінде еліміздің денсаулық сақтау саласында 380 мыңға жуық адам жұмыс істейді. Әр маманның еңбегі орасан зор. Ұлт саулығын сақтауға бүкіл өмірін арнаған тұтас әулеттер бар. Алматыдағы Джувашевтер әулетінен 13 адам медицина саласын таңдаған. Олардың жалпы еңбек өтілі — 375 жыл. Ал Атырау облысындағы Шанаевтар әулетінен 16 дәрігер шыққан. Мұндай еңбек династияларының ғибратты жолы — көпке үлгі-өнеге. Қазір ұлттық медицина саласы қарқынды дамып келе жатыр. Жетістіктеріміз аз емес. Елімізде орташа өмір сүру ұзақтығы 75,4 жасқа жетті. Ана мен бала елімі шамамен 12 пайызға азайды. Бес жылда 800-ге жуық денсаулық сақтау нысаны, яғни көптеген емхана мен аурухана салынды. Бұл жұмыс тоқтамайды, мемлекет алдағы уақытта да инфрақұрылымды дамыта береді. Ұлт саулығын жақсарту алғашқы медициналық көмектен басталады. Елімізде ауылдық жердегі медицина жүйесін жаңғыртуға арналған ұлттық жоба жүзеге асырылып жатыр. Бүгінде 469 ғимарат бой көтерді. Жыл



соңына дейін тағы 186 нысан салынады. Аудандық ауруханалар заманға сай құралдармен жабдықталып жатыр, — деді Президент.

Мемлекет басшысы елімізде медициналық туризм қарқынды түрде дамып келе жатқанын жеткізді. Жыл сайын 45 мемлекеттен шамамен 10 мың адам Қазақстанға емделу үшін арнайы келеді. Бұл еліміздегі дәрігерлік көмектің сапасы жоғары екенін көрсетеді.

— Бүгінде көптеген ауруханаларымыз халықаралық аккредиттеуден өткен. Нейрохирургия мен Кардиохирургия ұлттық орталықтары әлемдік клиникалар деңгейінде жоғары технологиялы медициналық қызмет көрсетеді. Қазақстандық дәрігерлер жүрекке жыл сайын мыңдаған ашық операция жасайды. Емделушілердің қатарында тіпті жаңа туған нәрестелер де бар. Елімізде органдарды трансплантациялау ісі жоспарлы түрде дамып келеді. Жуырда жүрек ауыстыруға арналған жүзінші ота сәтті өтті. Быыл алғаш рет бір мезетте үш адамға үш донордың бүйрегін тоғыспаы трансплантация тәсілімен салды. Өздеріне сәйкес келетін органдарды алу үшін пациенттер бір-біріне донор болды. Мұндай күрделі операциялар дүние жүзінде алты елде ғана жасалады. Онкологиялық ауруларды емдеуге сәуле терапиясының озық әдістері қолданылып жатыр. Былтырдан бері елімізде мүлде жаңа бағыт — фетальді медицина дами бастады. Яғни бұл — ана құрсаындағы шараңа операция жасау деген сөз. Мұндай бірегей медициналық көмек көптеген баланың дүниеге дені сау болып келуіне мүмкіндік сыйлайды. Сирек кездесетін сырқаты бар адамдарды емдеу мен денсаулығын жақсартуға ерекше

мән берілуде. Мемлекеттің алдында мұндай науқастарды шетелдік қымбат дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету секілді күрделі міндет тұр. Осы орайда менің ұсынсым бойынша құрылған «Қазақстан халқына» қоры үлкен қолдау көрсетіп отыр, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы еліміздің фармацевтикалық өнеркәсіпті дамытуға айрықша назар аударатынын айтты. — Ірі халықаралық инвесторларды тарта отырып, стратегиялық сипат алған бұл саланы дамытуға күш салу маңызды. Алдағы уақытта медицина ғылымының өлеуетін толықтай игеру керек. Ол үшін қазірдің өзінде берік негіз бар. Ғалымдарымыз онкология, трансплантология, неонатология, генетика, биомедицина салаларында тың жаңалықтар ашты. Қан ауруларын емдеуге отандық препараттар қолданылып жатыр. Жасанды интеллект сырқаттарды анықтау мен емдеудің көкіеігін кеңейттеді. Аталған перспективті салада айтарлықтай серпіліс жасау қажет. Ядролық медицинаның мүмкіндігін де барынша пайдаланған жөн. Денсаулық сақтау жүйесін дамыту, ең алдымен азаматтардың әл-ауқатын көтеруге бағытталған. Өйткені медицинаның деңгейі мен қолжетімділігі — елдегі өмір сапасының негізгі көрсеткіші, — деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев медицина қызметкерлерін әлеуметтік тұрғыдан қолдау, олардың мәртебесін көтеру мемлекеттің негізгі міндетінің бірі екенін тоқтатты.

— Менің тапсырмаммен былтырдан бастап «Қазақстанның еңбек сіңірген дәрігері» атағы беріле бастады. Бұл — медицина қызметкерлеріне деген айрықша құрметтің белгісі. Соңғы 5 жылда

денсаулық сақтау саласындағы жалақы екі есеге жуық өсті. Медицина кадрларын даярлайтын жоғары оқу орындары мен колледждердің шәкіртақысы көбейді. Жас мамандардың білікті дәрігерден тағылым алып, кәсібіне тез бейімделіп кетуіне барынша жағдай жасалуда. Жалпы денсаулық сақтау ісіне бөлінетін қаржы жыл өткен сайын артып келе жатыр. Быыл оның көлемі 2,6 триллион теңгеге жетті. Мемлекет медицина қызметкерлеріне қолдау көрсете береді. Дәрігерді халықтың қамқоршысы деуге болады. Барша жұрт мұны терең түсініп, оларға әрдайым құрмет көрсетуге тиіс. Өкінішке қарай, қоғамда дәрігердің жұмысына кедергі жасап, тіпті қоқан-лоқы көрсететін адамдар әлі де бар. Медицина қызметкерінің қауіпсіздігіне қатер төндіретін заңсыз әрекетке жол беруге болмайды. Қоғамдық тәртіпті бұзатын осындай адамдар міндетті түрде заң аясында жауапкершілікке тартылады. Заң мен тәртіп барлық жерде бірдей қатаң сақталуға тиіс. Біз сонда ғана Әділетті әрі Қауіпсіз Қазақстанды құра аламыз. Осы орайда медицина қызметкерінің рөлі айрықша, — деді Мемлекет басшысы.

Президент дәрігерлердің еңбегі қашанда лайықты бағалануы керек екенін айтып, медицина мейталмандарын мемлекеттік наградамен марапаттау туралы Жарлыққа қол қойғанын жеткізді. Жиында С.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетінің кафедра меңгерушісі Құралбай Құрақбаев, еңбек ардагері Жексенбай Нысанов, «Ұлттық биотехнология орталығы» ЖШС филиалының зертхана меңгерушісі Екатерина Остапчук сөз сөйледі.

akorda.kz

Маман мерейі



Жалпы тәжірибелі дәрігер

Ақмарал Адамбаеваның бала күнгі арманы дәрігер болу еді. Оның осы мақсаты соңында медицина саласына алып келді. Мектеп бітірген бойда елордадағы Астана медициналық университетіне оқуға түскен талапкер аталған оқу орнында 7 жыл жоғары білім алып, жалпы тәжірибелі дәрігер мамандығын игерді. Оқуды бітірген бойда өзінің туған жеріне келіп, яғни 2016 жылдың қыркүйегінде Дәуімбай елді мекеніндегі №9 аймақтың дәрігері болып жұмысқа орналасты.

Кейіпкеріміз еңбек жолында жауапкершілікті бірінші орынға қойды. Жұмыстағы табандылығы оны абырой биігіне шығарды. Сол уақыттан бері қаншама науқасты дертінен айықтырды, әлі күнге дейін жерлестерінің алғысына бөленіп келеді.

Сол аймақта жалпы тәжірибелі дәрігер екі жыл еңбек етті. Осында уақытта қаншама дертпен күресті, бірақ соның ешқайсысында салғырттық танытқан емес. Өйткені жас маман болғанымен, жеті жылдық жоғары білімі бар. Осында уақытта ол білікті мамандардан дәріс алды, тәжірибе жинады. Әлі күнге дейін саладағы әрбір жетістігін оқудағы ізденісімен байланыстырады.

— Кейбір адамдарда жұмысқа алғаш орналасқанда қобалжу болады. Мұндай жағдайды жақындарымыздың ара-сында да көріп жүрміз. Менде мұндай жағдай болған емес. Өйткені денсаулық сақтау саласы жүректілікті, табандылықты, жауапкершілікті талап етеді. Шындығында, алдындағы науқастың денсаулығы саған, сенің жасаған ем-шараңа байланысты. Ал мұндай жағдайда қобалжуға тағы болмайды. Жоғары оқу орнында білім алған кезде көп іздендім. Өйткені менің алға қойған мақсатым жалғыз, саланың білікті маманы болып, елге қалтқысыз қызмет ету. Оған антқа, мамандыққа адапдықты қосынды. Алғаш еңбек жолымды бастаған аймақта екі жыл еңбек еттім. Шүкір, сол уақытта қаншама науқасты дертінен айықтырдық, қаншама адамның алғысын алдық. Бұл — тек менің ғана емес, әріптестерімнің де үлкен еңбегінің жемісі, — дейді тәжірибелі дәрігер.

Жалғасы 4-бетте

Шаңырақ

Көпке үлгі көпбалалы әке

Аулада әкесі мен балалары еңбек етіп жатыр. Ескі тамның жанынан жаңа баспана құрылысын бастапты. Көпбалалы әке Жеңісбек Ысқақов «ер баланы жастайынан еңбекке баулыған дұрыс» дейді. Әрине, сөзінің жаны бар, ер бала болашақ отбасының тірегі, Отанының қорғаушысы екені сөзсіз. Сондықтан балалық шағынан дұрыс тәрбие беру — әкенің басты міндеті. Сол міндетті Жәкең абыроймен арқалап келеді.

— Әр бала өз несібесімен дүниеге келеді. Ризық-берекені адамға адам бермейді, Алла береді. Шүкір, 6 бала тәрбиелеп отырмыз. Балалардың санына байланысты біздің табысымыз азайып қалды деп айта алмаймын. Қазақта «Қуған жетпейді, бұйырған кетпейді» деген сөз бар. Балаларымның Алла берген несібесі өзіне жетеді. Қазір ата-әже болып отырмыз. Үлкенім былтыр үйленді, 1 бөпесі бар. Үлкен қызым тұрмысқа шыққан, 2 бөпесі бар. Енді біздің мақсатымыз балаларыма, немерелеріме жақсы тәрбие беру, сапалы білім алуына көмектесу, рухани бай азамат болса жеткілікті. Қалғаны өзі келеді, — дейді көпбалалы әке.

Жәкең өзі де көпбалалы отбасында өскен. Алты ағайынды ол бүгінде қарашаңыраққа ие болып қалған. Қолынан іс келетін кейіпкеріміз ескі тамның жанынан құрылыс бастаған. Техникалық мамандықты бітірген ағамыз бүгінде сол құрылыс саласында еңбек етеді екен. Ал жеңеміз Құндызай Кенжебаева үй тірлігімен қатар, пошта саласындағы жұмысын да абыроймен қатар алып жүр. Үлкен ұлы — теміржол саласында инженер. Жалпы отбасы мүшелері қоғамға қажет жұмысшы мамандықтарын игерген.

— 6 баланы дүниеге алып келдім. Өзім Аралдың қызымын. Ағаң екеуіміз 2000 жылы отау құрдық. Шүкір, келін алдық, қыз ұзаттық, немере

сүйдім. Бір қызым «Қазақ-түрік» лицейінде білім алуда. Жанымда отқан кенже балам. «Балалы үй базар» дейді ғой, жұмыстан шаршап келгенде балаларым мен немерелерімді көріп, көңіл-күйім көтеріледі. Иә, қазіргі таңда бір бала, әрікеттес екі баланы қанағат тұтатын отбасылардың саны артуда. Не болса да ұрпағымыз саналы, ата-анасына сеп болатындай өссін, — дейді көпбалалы ана Құндызай Кенжебаева.

Әр бала ұлттық рухани құндылықтарды, адами қасиеттерді ең алдымен өз ата-анасының тәрбиесімен бойына сіңіретіні анық. Ендеше ұлттық тәрбие — ұлт болып жүйсудің, ел болып болашаққа



ның қадам басудың негізі. Өткен тарихымызға шолу жасасақ, халқымыздың барлық ұлы тұлғалары, ақылқуақандары, ұлт көшбасшылары көпбалалы, қарапайым отбасынан шыққан. Мысалы, халық жанашыры, «Алаш» партиясының көшбасшысы Әлихан Бөкейхан

алты балалы отбасынан шыққан, әкесі қарапайым ғана етікші болған. Тағы сол сияқты Шоқан Уәлиханов он үш балалы отбасынан шығып, қазақ тарихында өшпейтін мәңгілік із қалдырды. Мұның бәріне отбасындағы әке мен аяулы ананың үлесі көп екені анық.

Бала шаңырақтың берекесі, ата-ананың көз қуанышы, жүрек жұбанышы және ұлтымыздың баға жетпес құнды қазынасы десек артық болмас. Осы айтылған теңеулер Жәкеңнің шаңырағында да байқалды.

Ж.АРЫН

Бала денсаулығы бәрінен маңызды



Аудандық аурухананың балалар бөліміндеміз. Мейіргерлер дәрігер тағайындауымен науқастарға ем шаралар жүргізуде. Бізбен сұхбат құруға ешқайсысының уақыты жоқ. Жұмыс болғасын оған да түсіністікпен қарау керек. Ал салада ұзақ жылдық тәжірибесі бар дәрігер Назира Алтаева осында жатқан балалардың әрқайсысымен тілдесіп, медициналық тексеріс жүргізіп, ақыл-кеңес беруде.

Не керек, арада 40 минуттай уақыт өткенде соңғы палатадан тәжірибелі дәрігер де шықты. Мұндағы балалардың жағдайын, қазір балалар арасында қандай ауру өршіп тұрғанын сұрағанымызда күнделікті бөлім жұмысын кеңінен тарқатты.

Дәрігердің сөзіне сәнсек, бүгінде аталған бөлімде 30-ға жуық бала ем алып жатыр. Оның басым бөлігі – пневмония. Біз барғаннан бір күн бұрын көшке 1 бала құрысумен жан сақтау бөліміне түсіпті. Назира Нағашыбайқызы баланы сол күні шығарып алған. Бүгінде жағдайы қалыпты. Мұнан бөлек анемия, демікпемен де жатқан балалар аз емес.

Білікті дәрігер қазіргі таңда аталған бөлімнен айына 100 бала ем алып шығатынын айтады. Коронавирусқа дейін айына 55-56 бала ем алыпты.

Әлбетте мұның бәрін аталған дертпен байланыстыруға тағы болмайды. Өйткені Назира Алтаева бүгінде ауданда туу көрсеткіші айтарлықтай жақсарғанын жеткізді.

– Бұрын әр отбасында 3 баласы бар ата-аналар көп болатын. Өйткені көпбалалы аналар азайған еді. Қазір мүлде басқа, яғни бүгінде 5 баласы бар отбасылар көп. Бұдан туу көрсеткіші жақсарғанын байқаймыз. Соның арқасында ауданда 5 жасқа дейінгі балалар көбейді. Айына бөлімнен 100 бала ем алып шығады. Барлық ем-шаралар өзіміңіз тағайындауымымен жүзеге асады. Екінші кезекте балалар арасындағы аурушандық қалыпты жағдай десе де болады. Өйткені олардың иммунитеті әлсіз келеді. Тіпті олардың 6 жасқа дейін иммунды клеткалары қалып-

таспайды. 14 жасқа дейін екпелері дұрыс жетілмейді. Міне, сондықтан олар сәл нәрседен дертке шалдығып жатады. Бірақ біз қалыпты жағдай деп қарап отырмаймыз. Науқастарға ем-шаралар жүргізгеннен бөлек, ата-аналармен де түсіндірме жұмыстарын ұдайы жүргізіп отырамыз. Өйткені бүгінгі бала – тек бір отбасының ғана емес, тұтас мемлекеттің болашағы, – дейді тәжірибелі дәрігер.

Жаңа балалар арасында пневмония көбейгенін айттық. Яғни салқын тиген балалар бұл дертке жиі шалдығуда. Ал дәл осы дертті қайта-қайта жұқтырған баланың өкпесіне зақым келетіні айтпаса да түсінікті. Сондықтан бұған тек ақхалатты абзал жандар ғана емес, ата-аналар да алаңдау керек. Мейлінше балаға салқын тигізбеудің амалын жасағаны дұрыс. «Сақтансаң, сақтайды» ғой, оның бергі жағында дәрігерлер де дертпен күрескеннен алдын алған әлдеқайда тиімді болатынын қаперге салды.

– Бағана айттым ғой, қазір ата-аналарға да ренжуге болмайды. Бұл дерт бір жағынан коронавирустан кейін көбейді. Оның үстіне туу көрсеткішінің жоғарылауы да бар. Мәселен, 2020 жылдан бастап балалар арасында сарғаю, анемия көбейді. Бүгінде біздің бөлімде асқазақ, өт жолдары ау-

руымен жатқан балалар да бар. Барлығына сапалы медициналық қызмет көрсетіп жатырмыз. Бірақ ата-аналар мына мәселені ескерсе деймін. Бірінші кезекте мейлінше балаларға салқын тимейтіндей жағдай жасау керек. Өйткені олардың өкпесі осы бастан зақымдалмауы керек. Қарапайым тұрмыста біздің кеңесімізді қаперге алса, дертпен күрескеннен оның алдын алуға мүмкіндік туады. Қазіргі балалар кішкентай салқын тисе, тез ауырып қалады, әсіресе демікпе жағынан. Міне, олардың арасында тыныс алу жолдары инфекциясының көбеюі де сондықтан, – дейді Назира Алтаева.

Балалар дертке шалдықпас үшін қайтпек керек? Білікті дәрігер бұл сауалымызды да жауапсыз қалдырмады. Сөзінше, балалар көп ауырмас үшін ата-аналар уақытында тек ана сүтімен қоректендіру керек. Өйткені ана сүтімен қоректенген баланың иммунитеті жоғары болады. Бұған дәлел де жоқ емес. Екіншіден, ата-аналар жүктілік кезінде алдымен өзіне күтім жасауы керек. Яғни олар жүктілік кезінде анемия, ЖРВИ, бүйрек ауруы, тұмау сияқты дертке шалдықпауы керек. Мұндай болған жағдайда өзіне уақытылы күтім жасауы керек. Өйткені мұның барлығы өзінен бұрын баланың болашағына да айтарлықтай

әсер етеді екен.

Назира Нағашыбайқызы 1990 жылдан бері медицина саласында еңбек етіп келеді. Яғни саналы ғұмырының 35 жылын денсаулық сақтау саласына арнаған. Осынша уақытта қаншама науқасты дертінен айықтырды. Қаншама адамның алғысын алды. Бірнеше рет жұмыстағы табандылығының, антқа адалдығының арқасында марапат төрінен көрінді. Бірақ ақхалатты абзал жан мұның бәрінен елдің алғысын жоғары бағалайды.

Білікті дәрігердің аудандық аурухананың балалар бөлімінде еңбек етіп жатқанына да 10 жылдан асқан. Бүгінде аталған бөлімде өзінен бөлек 5 мейіргер бар. Олардың төртеуі – жоғары санатты мейіргер. Ал біреуі – І санатты. Әрқайсысы өз ісіне адал тәжірибелі мамандар десек, артық айтқанымыз болмас. Мәселен, олар 4 күндік балаға дейін тамырын тауып, алғашқы медициналық көмек көрсете береді.

Көпке топырақ шашудан аулақпыз, бірақ баланың болашағына бейжай қарайтындар да жоқ емес. Салғырттықтың салдарынан бала денсаулығына қаншама зиян келіп жатқанын көзімізбен көріп те жүрміз. Мұны балалар дәрігері де жоққа шығармады. Мәселен, жазғы дема-

лыс уақытта балалар арасында соматикаттан, мопедттен, шайтанарбадан құлау деректері көптеп тіркелуде. Мұндай жағдаймен балалар бөліміне жаз мезгілінде көптеген бала түседі екен. Тағы бір мәселе, балалар арасында белгілі бір зиянды сұйықтық, токсикалық заттар ішіп қою 3 жасқа дейінгі балалар арасында көптеп орын алуда. Бұған қатысты медицина мамандары дабыл қағып-ақ жатыр. Бірақ сақтансақ, сақтайтынын қаперге алмайтындар ата-аналар арасында өлі де кездесуде. Соңында тағы да алдын алғаннан мәселемен бетпебет күресуге тура келеді.

Тағы бір мәселе бүгінде балалар арасында аллергия көбейген, тіпті жасарған десе де болады. Мәселен, осыған дейін 3 жасқа дейінгі балаларда дерттің бұл түрі кездеспейтін. Қазір аллергия тіпті 6 айлық баладан да анықталуда.

Иә, мұндағы мамандар – дерттің қай түрімен де күресуге шамасы жететін білікті қызметкерлер. Бірақ қарапайым жұрт та дертпен күрескеннен оның алдын алған тиімді екенін түсінуі керек. Ол үшін ақхалатты абзал жандар айтқан әрбір кеңесті қаперге алса, жеткілікті.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ



Маман мерейі

Роза Аймағамбетова бала кезінен медицина саласында еңбек етуді мақсат етті. Тіпті оқушы кезінен осы саланы меңгерсем деген арманы да кейіпкерімізді денсаулық сақтау саласына алып келді. 1985 жылы Оңтүстік Қазақстан облысындағы медициналық колледжді тәмамдаған жас маман уақытында жұмыс іздеп қиналмады. Өйткені оқуда озат болған Розаны сол өңірде жұмысқа шақырушылар көп болды.

Иә, ол білім алған аймағында 1 жыл жұмыс жасады. Туған жерге еңбек етуді мақсат еткен кейіпкеріміз кейін Жалағаш ауданына келіп, аудандық ауруханада мейіргер қызметін атқарды. Ол тұста медицина саласының шаңқаяқтап тұрған шағы. Яғни қазіргідей сала озық технологиялармен жарақталмаған. Тіпті темір шприцпен науқастарға ем-шар жүргізген қиын сәттерді бүгінде сәл жымшип еске алады.

– Қазір шүкір ғой, салада серпін бар. Біздің кезімізде қазіргідей заманауи технологияларды, аппараттарды былай қойғанда, қарапайым бір реттік қолданатын шприц те болмаған. Бес жылдан кейін барып жаңа өзгерістер енді. Содан бері сала жыл сайын дамып, қызметкерлердің жұмысы жеңілдеп келеді. Әрине, жұмыс болған соң қиыны да, қызығы да болады. Соның барлығына төзе білуіміз керек. Өйткені біз осы салада жұмыс жасауды мақсат еттік және жұмысымызға адал боламыз деп ант бердік. Сондықтан соның барлығына төтеп беріп, жауапкершілікті бірінші кезекке қоямыз, – дейді тәжірибелі мейіргер Роза Жұматайқызы.

Ақхалатты абзал жан бүгінде аудандық аурухананың жұқпалы аурулар бөлімінде жалпы тәжірибелі мейіргер болып қызмет атқарады. Жұмысқа бір сағат бұрын келіп, кезекші мейіргерден барлық жұмысты қабылдап алады. Сондай-ақ науқастардың әрқайсысымен тілдесіп, олардың дертіне қарай дәрігер тағайындауымен ем-шаралар жүргізеді.

Бір салада табаны күректей 40 жыл еңбек ету екінің бірінің қолынан келе бермесі анық. Осынша уақытта Роза Аймағамбетова қаншама науқасты дертінен айықтырып, қаншама адамның

Денсаулық сақтау ісінің үздігі



алғысын алды. Сондықтан болар, ол жұмысына адал ісіне мығым, өзіне міндеттелген функциясын мұлтіксіз орындайды және қай уақытта да жауапкершілікті бірінші кезекке қояды.

– Қызымыз қызылша ауруына шалдығып, жұқпалы аурулар бөліміне түстік. Сонда сала қызметкерлері бір аптадай ем-шара жүргізді. Сол тұста мен «дәрігердің емі де, сөзі де науқасқа ем» деген сөздің мәніне көз жеткіздім. Ондағы абзал жандарға алғысым шексіз. Әсіресе Роза Жұматайқызы күндіз-түні баламның қасынан табылып, баласындай қарап, барлық ем-домын аямады. Кейін, яғни бір жеті өткенде баламды үй жағдайына ауыстырды. Сол кезде де Роза Аймағамбетова үйге келіп, баламның денсаулығын күзетіп, барлық емін аямады. Мен сол кезде оның мамандығына адалдығын аңғардым. Қолы қалт етсе, қызымның жағдайын сұрап, дертінен айықтырған да сол. Сондықтан мен мұндай тәжірибелі дәрігерден алғысымды аямаймын, – дейді кент тұрғыны Қалдыгүл Андрейқызы.

Ол салада қажырлы еңбек етті, өзінің білікті маман екенін дәлелдеді. Тіпті әрбір науқастың денсаулығына алаңдап, кейін ауруханадан шықса да олармен байланысын үзбей, ата-анасына үй жағдайында қандай күтім қажеттігіне дейін қаперге салып отырды. Жұмысқа деген осынша жауапкершілігі кейіп-

керімізді абырой биігіне көтерді. Қаншама рет облыс және аудан әкімдерінің алғыс хатына ие болды. Тіпті министрліктің де арнайы алғыс хаттарын алды. Бірақ жалпы тәжірибелі дәрігер мұның бәрінен елдің алғысын биік қойды. Халықтың денсаулығын уақытпен санаспай күзетті. Бүгінде оның жұмыстағы абырой-беделі әріптестерінің аузында жүр.

– Жалпы сала жұмысы күрделі, өйткені біздің алдымызға денсаулығына байланысты көмек сұрап келеді. Мұндайда бірінші орынға жауапкершілікті қоймай тағы болмайды. Әр маманның өзіндік орны бар, бірақ біз осы ауруханада жұқпалы аурулар бөліміне көз келген мейіргерді жібермейміз. Себебі мұнда түрлі дертке шалдыққандар келіп жатады. Мұндағы мамандардың жұмысы тығыз. Тіпті бір минут бос уақыты болмайды десем, артық айтқаным болмас. Мәселен, жұқпалы аурулар жылдың төрт мезгілінде де бар. Жазда ішек инфекциясы өршісе, көктемде қаназдық, қыста тұмау, пневмония бар. Сондықтан мұнда түрлі аурулармен дәрігерлер көмегіне жүгінетіндер көп. Соның барлығына ем-шаралар жүргізу салғырттықты көтермейді. Міне, біз мұнда тек салада өзінің тәжірибесі бар Роза сияқты білікті мейіргерлерді біктейміз, – дейді бас дәрігердің орынбасары Гүлсім Қаюпова.

Денсаулық сақтау саласына нақты мақсатпен келді, тәжірибе жинады. Бүгінде сол 40 жылдық тәжірибесімен жас мамандарға да бағдаршам болды. Саланың ыстық-суығына төзді, қажырлы еңбеп оны абырой биігіне көтерді. Аудан жұртының алғысын алған кейіпкеріміз бүгінде медицина саласын таңдағанына әлі күнге дейін өкінбейді. Өйткені ол бала күні мақсатына адал еңбекпен қол жеткізе білді.

Жуырда Түркістан облысынан жағымды жаңалық жетті. Сол өңірде денсаулық сақтау саласына қатысты өткен республикалық конференцияда кейіпкеріміз Роза Жұматайқызы сала министрі Ақмарал Әлнәзарованың қолынан «Денсаулық сақтау ісінің үздігі» төсбелгісін алды. Бұл төсбелгіге Қызылорда облысы бойынша екі-ақ адам лайық деп танылды. Соның бірі – жалпы тәжірибелі мейіргер Роза Аймағамбетова.

Иә, ол жұмыстағы табандылығы мен жауапкершілігінің арқасында қаншама рет марапат төрінен көрінді. Қаншама рет абырой биігіне көтерілді. Бірақ ақхалатты абзал жанның мақсаты мүлде басқа. Негізгі ойы елге адал қызмет етіп, мамандыққа адалдық таныту еді. Дәл осы мақсаты оны абырой биігіне шығарды.

К.БАЛҒАБАЙҰЛЫ

Хабарландыру

«Ауыл» Кредиттік серіктестігі» ЖШС құрылтайшылардың кезекті жалпы жиналысын 2025 жылы 30 маусым күні сағат 10.00-де мына мекен-жайда өткізу туралы хабарлайды: Қызылорда облысы Жалағаш ауданы Жалағаш кенті Т.Қыстаубаев көшесі №4 үй («Ауыл» КС» ЖШС ғимаратында).

Күн тәртібі :

1. «Ауыл» КС» ЖШС-ның 2024 жылғы атқарылған жұмыстары мен серіктестік басқармасының, несие комитетінің 2024 жылғы жұмыс қорытындысы есебі.
2. Серіктестік басқармасының 2025 жылға іс-шара жұмыс жоспарын бекіту.
3. Серіктестіктің 2024 жылғы қаржы-шаруашылық жұмыстарына жүргізілген тексеру комиссиясының (тексерушінің) қорытындысын талқылап бекіту.
4. Серіктестіктің 2024 жылдың қаржы-шаруашылық жұмыстарын талқылау, қаржы шаруашылық есебін бекіту.
5. Таза пайданы бөлу.

Сонымен қатар құрылтайшыларға күн тәртібіне қосатын ұсыныс-пікірлеріңіз бар болса, 10 күн ішінде жиналыс ашылғанға дейін серіктестікке ұсынуларыңызды, Құрылтайшылардың жалпы жиналысты өткізу тәртібі ҚР заңдарына сәйкес айқындалатынын, Құрылтайшылардың жалпы жиналысын өткізу Қазақстан Республикасының «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы», «Микроқаржылық қызмет туралы» «Кредиттік серіктестіктер туралы» Заңына, серіктестік Жарғысын басшылыққа алып өткізілетіндігін хабарлаймыз, жиналысқа міндетті түрде қатысуларыңызды сұраймыз.

БСН: 01064000062

Жыл да өтті өзіңсіз

Зымырап жатқан уақыт деген осы, ардақты бауырымыз Қуанышқұл Қуаңқызының ортамызда жүргені кеше ғана сияқты еді. Сол аяулы бауырымыздың бақиға бет түзегенінен бері де жыл өтіпті. Тағдырдың басқа салған сынағына сабыр қылмасқа бізде не амал бар дейсіз. Бірақ жақыныңнан айырылу жаңға батады. Аmaal қанша, тек біздің қолдан келетіні – сағынышпен еске алып, рухына құран бағыштау.

Қуанышқұл Қуаңқызы 1950 жылы 3 наурызда дүниеге келген. 1970 жылдары Аққұм жұмысшылар кооперациясында сатушы болып еңбек етті. Кейін аталған кәсіпорында бухгалтер қызметін абыроймен атқарды.

Ол тек отбасында ғана емес, жұмыста да, жалпы қоғамда да көпшіл болды. Қаржы саласындағы қажырлы еңбегі әлі күнге дейін көз алдымызда. Өзінен кейінгі жас мамандармен де жиған тәжірибесімен бөлісті.

Өткен жылдың 19 маусымына бас үшін өте ауыр күн болды. Дәл осы күні ардақты бауырымыз Қуанышқұл Қуаңқызынан айырылып қалды. Аллаға шүкірлік қылған, еділ шыншыл, қарапайым, пейілі кең бауырымыздың басқа да асыл қасиеттері мәңгі жадымызда сақталады.

Бауыр деген қимасы ғой бәрінің,

Өмір жолың кейінгіге тағылым.

Жұмақ болып мәңгі мекен өзіңе,

Жатқан жерің жайлы болсын, бауырым.

Өзіңді сағынышпен еске алып, рухыңа құран бағыштаймыз. Жатқан жерің жайлы, топырағын торқа, иманың жолдас болсын, ардақты бауыр.



Еске алушылар бауырлары

ТАНЫМ

Тарих

Рәзия Майлина: Әкем мені «қалқам» деуші еді

Бейімбет Майлин. Қазақтың көрнекті жазушысы. Атақты «Шұғаның белгісі» әңгімесінің авторы. «Гүлденсе ауыл – гүлденеміз бәріміз» дейтін Бейімбет. Ол туралы Ғабит Мүсіреповтің кезінде былай дегені бар-ты: «Біздің прозамыздағы реализм мен шыңына шыққан шеберлік өзгелердің бөрінен де бұрын Майлин есімімен берік байланысты. Ол – әрі теңдесі жоқ әңгімеші ретінде де, әрі прозадағы сүйікті шығармаларды жасаушы ретінде де біздің тұңғыш зергер прозашымыз»

Ғабен бұл сөзін одан әрі былайша жалғастырады: «Әйтсе де мен оның жазушы тумалары үшін баға жетпес қымбат бір қасиетін айрықша айыра айтқым келеді. Ол – оның қарапайымдылығы, қолының кіршіксіздігі, жүрек лүпілінің қалтқысыз, қаюусыз пектігі, талантпен тең тізе қосқан еңбекқорлығы...». Осы таза, پاک азамат, нағыз халық жазушысы көшегі 1937 жылдары аяқ астынан «халық жауы» болып шыға келді. Оған адамның үш ұйықтаса түсіне кірмейтін «байшыл», «фашист», «жауыз» деген жалған айыптар тағылды. Ақырында төрт айға жуық түрмеде азаптал, 1938 жылдың 26 ақпанында КСРО Жоғарғы Соты ескери алқасының оны ату жазасына көші жөніндегі үкімі шықты. Үкім сол күні-ақ орындалды. Арада он тоғыз жыл өткеннен кейін ғана, яғни 1957 жылдың 20 сәуірінде жазушыны ату жөнінде үкім шығарған КСРО Жоғарғы Сотының ескери алқасы «Масқара болып, жаңылпылсыз» дегендей, істе қылмыстың құрамы болмауына байланысты 1938 жылы 26 ақпандағы үкімнің күшін жойып, Бейімбет Майлинді қайтыс болғаннан кейін ақтады. Бейімбет пен оның зайыбы Гүлжамал өмірге бес перзент әкелді. Олар – Әукен, Рәзия, Мереке, Еділ Гүлсім. Бұлар қазір өмірде жоқ. Бір төуба жасайтынмыз олардың немере-шеберелері арамызда жүр. Өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарының басында бұрынғы Жезқазған облысына, қазір Қарағандыға қарайтын Жанаарқа ауданының орталығы Атасу көптіңде тұратын Бейімбеттің үлкен қызы, Рәзия азаматтың шаңырағында болып, зұлмат жылдары Биаяғын қалай ұстапғаны жөнінде әңгімелескеніміз бар.

Жол түсіп Қарағанда ауданының орталығына бара қалсам, жүрекке жақын осы шаңыраққа соқпай кете алмайтынмын. Бұл үйде есі қазаққа танымал сөз зергері Биаяғын – Бейімбет Майлиннің қызы Рәзия апа тұратынын білетімін. Әрине жалғыз емес. Жанында отағасы Әбілқасым аға, балалары, балдай тәтті немере-шеберелері бар. Жүздексендегі ауызға ілігітін тақырып – Биаяғын өмірі. Рәзия апа ескі туралы әңгіме айтаудан есіз жалқылайды. Тебірене, толғана сыр шертеді. Сөз арасында күрсініп кеті. Оның сыры бөдені белгілі. Әңгіме айтқанда жаңары үнемі жасаурап тұратын еді. Егіле кетуге шақ қалатын.

Алдымда отырған жан өмірден рақаттана бір күлмеген шығар деп ойлапмын. Оны айтасыз, үш-төрт сағатқа созылған осы соңғы дидарласу сәтінде оның құзынен күлгі түгілі сәл-пәл жетімеде ба байқамадым. Қасірет, қорқыныш уялаған жанар тіршілікте шаттық, қуаныш дейтін де ұғымдар барын мүлдем ұмыттырғандай. Алапың әңгімесін өзің де жүрегің аң ұрмай, толқмай, тебіренбей тындай алмайсың. 1937 жылға дейін шат-шадыман өмір кешкен отбасы аспанында аяқастынан қара бүлт үйірледі. Бейімбеттей халық ұлына, халықтың жанашырына адам айтса нанғысыз «халық жауы» деген қара күйге жазылды. Сол уақытта жүрегі таза, адал дейтін азаматтардың өздері жалған жалаға араша түсе алмады. «Бейімбет халық жауы болса, мен де халық жауымын» деген Ғабиттің сөзіне де құлақ асқан пенде болмады. Елдің басында ер қамын жейтіндер емес, арамзалар отырғанда шынайы, ақиқат сөздің қатты дауылдан кейін жусап қалатын бидай сабақтарындай үні шықпайтыны белгілі жайт. Кесіріл саясаттың ызарғы бір адамды ғана емес, еш жақсысыз отбасының өзге де мүшелерін шапырып. Бейімбеттің жары Гүлжамалды, өрімдей бес баланы шаңырақтан бездіртіп, тетіретіндей олардың не киісіз бар еді? Қарғыс атқыр қасіретті күндері ғой ол. Бір сәтте-ақ ақ қара, тұнық лай болып шыға келді. Бұдан артық қорлау, азап бола ма екен? Үлгітін тірінеге, үмітіне айналған жақсылар мен жайсаңдар титтей киісіз болмаса да темірторғын арқағына қойдай тоғытылды. Содыр, қанһпезер саясаттың кесірі бұ?

– Әкемнің төрбесінде он екі жасқа дейін болдым, – дейді халықтың адал перзенті Бейімбет Майлиннің қызы Рәзия Майлина – қарапайым еді. Үйден кісі арыпмайтын. Әсіресе Сәкен мен Ілияс ағаларды күні көретімін. Үшеуі кабинеттен шықпайтын. Сәкен қайтар кезде «машина шақырайын» дегенде қалған екеуі «жауақ ақ барайық, жолай әңгімелесеміз» дейтін. Осының өзінен бір-бір-лерін қатты құрметтейтіні байқалатын. Әлі күнге көз алдымда. Үшеуі жұпарынан жағар еді кетіп бара жатады. Енді жалғыздарымыз еді. Әкем көп жазатын. Жұмыс кабинетінен шықпайтын. Қашан көрсем де жазды да отырады. Бір күні түн ортасында оянсам, жазу үстеліне тұтп, қолынан қаламы түспей отыр.

– Папа, демалмайсыз ба? Не жазып отырсыз? – дедім.

– Қалқам (мені осылай атайтын), бұл жұмысты тезірек бітіруім керек. Мәскеуге барғанда орыстың атақты жазушысы Максим Горькиймен кездескенім. Сонда ол әңгіме арасында «Қазақтың арасында батыр жігіттер болды ма?» деп сұрап еді. Мен Аманкелді Иманов жөнінде айттым. «Сонда оны халыққа көңірет тануы керек» дегендей ой айтты. Аманкелді туралы біраз деректер таптым. Соларды қағазға түсіріп отырғанда ғой. Тауада Аманкелді туралы кино шығанды.

Әкем айтқандай, кейін Аманкелді туралы фильм түсіріліп бітті. 1937 жылы қазанның бесі... Үйде үшеуіміз ғана. Ағам Әукен, мен, інім Мереке. Дүкенге барғанмын. Сыртқы қабырғасында афиша іліпү тұр: «Ертен «Аманкелді» фильмі көрсетіледі. Сценарий авторы Бейімбет Майлин» деп жазылған. Қуанып, үйге жүгіріп келіп Әукен мен Мерекеге айтып жатырмын. «Папаның киносы шықты» деп мәзбіз. Ертеніңе, қазанның алтпсы күні тәнертен өкен келді үйге. Жүден кетіпті. Сақал-мұрты өскен. Мені құшақтап оқуымның жағдайын сұрады.

– Қалқам, мен шаршап келдім, – деді. – Демалайын. Жаксылап бір ұйықтайын.

Демалыңыз, папа. Мен ешқайда бармаймын. Үйде боламын – дедім.

Әукен мен Мереке ескі алдына шығып кетті. Біздің үйдегі дағды жазда саяжайда боламыз. Оқу басталар алдында ғана үйге қайтатыныбыз. Шешем осы уақытта баламен



саяжайда еді. Кешке жақын есіктегі қоңырау маза бермеді. Барып есік аштым. Еңгезердей екі орыс тұр. Шамамен қырықтың үстінде.

– Майлиннің пәтері ме? – Иә. – Папам қайда? – Папам үйде жоқ. – Жоғы қалай? – Мамамның қасында. Саяжайда. – Алдама, – деп мені ысырып тастап кіріп келді.

Олармен жағаласып папам жатқан бөлмеге мен де кірдім. – Азамат, Майлин. Тұрыңыз. Сіз тұтқындалдыңыз, – деді екеуінің бірі.

Мына сөзді естігенде есімінен танып қала жаздадым. Папамның екі қолын көтеріпті қойды. Қалтасынан партбилетін, паспортын алды.

– Қазір үйді тіптеміз, – деді әлгілердің бірі. Біз – дүние-мүлікті көп жинамаған адамдармыз. Әкем ақшаны қассаға салаптын. «Балаларым есіп келе жатыр, оқытатын» дейтін. Оқытатын балаларының қатарына мені, Мерекені жатқызатын. Келгендер диванды, шкафты ақтарды. Саққанымнан ба, үрейдің әсері ме далаға шығып Әукен мен Мерекені шақырып келдім. «Үйге жүріңдер. Папамды тұтқындап жатыр» дедім. Екеуі құстай ұшып жетті. Әлгі екеуі папамның жұмыс кабинетіне кірді. Онда негізінен кітаптар бар. Екі-үш қабырғаны алып жатыр. Кітаптардан басқа мұнда диван бар. Жолдастары келгенде осында отыратын. Әлгілер кітаптарды шашып, ақтарып жатыр. Екі үл селтіліп тұр. Қанша дегенмен қызыбы

мен бардым да папамның қасына отырдым. Екі орысқа бар орысшаммен айтып жатырмыз – Неге папамды тұтқындап жатырсыңдар? Ол – жазушы. Ешкімге зияны жоқ. Тауада ғана Аманкелді туралы кино түсірді. Аманкелді сіздердің Чапаевтарыңыз секілді, – деймін.

– Үш күннен кейін папамды үйге қайтарамыз, – деді.

Жаңағы екеуі жүк машинасын шақыртты. Кітаптарды, қолжазбаларды тиеп алып кетті. Содан кейін «черный ворон» шақыртты. Түсі қал-қара, кішкентай машинаны жұрт осылай атайтын. Әкем кетерде бізбен қош айтасты. Әукенге айтқаны: «Сен баланың үлкенісің. Алдымен анандық күт. Екінің мына бауырларыңа қамқор болу деңі. Қасымызға қарап: «Сендерден сұрайтынмын бір-ақ нәрсе. Оқыңдар, оқыңдар, оқыңдар» деді үш рет қайталап. Сол жерде ботадай боздал қала бердік. Пәтеріміз екінің қабатта еді. Балқонақ жүгірдік. Әкем төменге түскеннен кейін төбеге қарап біраз тұрды. Сол кеткеннен әкемді көрген жоқпын. 1937 жылдың аяқ кезінде шешем әкеммен жолығуға барғанда папам айтты: «Гүлжамал, бір өтініш бар. Соны орында. Ұлдың аты үл ғой. Ендігі келгенде екі қызымды ала келші» деген екен. «Жарайды» депті мамам. Шешем осыны айтып келгенде қатты қуандым. «Папама барамыз. Папамды көрміз» деп шаттандық. Ол кезде қанән-қалперсіз есіп келе жатқан бала едік ғой. Менің нәшеде екенімді әлгіңде айттым. Мереке он бірде, Еділ алтыда, кішкентай Гүлсім екі жаста ғана болатын. Тамағын алдық. Гүлсімді көтергіп бардық. Бір қазақ сакшы шешеме: «Күте тұрыңыз. Қазір жүздестіреміз» деді. Рас па, өтірік пе деймін. Жүрек алып ұшады. «Шынымен папамды көрем бе екен?» Бір уақытта сыртқы есіктен Сәбит Мұқанов кірді. Бірден таныдым. Біздің үйге талай келген. Оның үстіне ол кісінің Арыстан деген баласымен бір класта оқығанмын. Сәбит аға бізді көрмеген болып өтіп кетті. «Неге өйтті екен?» деймін ішімнен. Біз тұрмыз. Біраздан соң Сәбит кетіп қалды. Әлден кейін сакшы келіп: «Кездесу болмайтын болды» деді. Шешем еңіреп қоя берді. Оған мен қосылдым. Сәйтіп көз жасымызды көп етіп үйге қайттық. 1938 жылы ақпанның аяқ кезі болуы керек. Шешем үйге жылап келді. Әкемнен кездесуге берген екен. Ұлысқат берсіпті. Қалыңда әкемнің сур жалағайы. Сол күдік пальтосы құшақтап еңіреп қоя бердім. «Папамның пальтосы ғой. Өзі қайда?» деймін. «Жетім болдыңдар. Енді папаларың жоқ» деді шешем. Шайқалған шаңырақ.

Бейімбеттің ақталғаны туралы анықтама Бір сөт ойға шомаған Рәзия апа сөлден кейін әңгімесін қайта жалғастырды: – Бұдан кейінгі азабымызды тірі адамның басына бермесін. Көп ұзамай жылы ұямыз – баспанамыздан қуып шықты. Себеіп: «Халық жауының» отбасы бұл үйде тұруға болмайды. Содан басқа бір үйді панааладық. Оның бір бөлмесінде біз, тағы бір бөлмесінде Жансүгірөттердің отбасы тұрды. Ас бөлгіміз ортақ. Жағдайымыз мүшкіл. Нән алатын да ақша жоқ. Үйімізден бұрын кісі құрғасаса, енді бір адам кіріп шықпайды. Күн көру қиын болғасын көзім қимаса да папанам қалған кітаптарды сатып, үйге аз-маз ақша әкелетін болдым. Шаңырақтағы бас көтерер өзім болып қалдым. Шешем бұрын қара жұмыс істемеген адам. Әкесінің арқасында ерке болып есіп еді. Өзінің үсті-басына қарайды. Басқа шаруаға араласа қоймайды. Әкем тұтқындалғаннан кейін есөңіреп қалды. Күлкі-қуаныш қашқан. Әбден жүдеп кетті. Түнереді де жүреді. Әукен елдің іші ғой деп Қостанайға кеткен. Бірақ төрт айдан кейін түрмеге жауыпты. «Халық жауының» баласы деп әлдеқимдер сырттай көрсөтіпті. Наурыздың іші. Көшеден сүт алуға бардым. Алдыма қарасам, Ғабит Мүсірепов ағаның машинасы келеді екен. Мен көрмеген болып ары қарадым. Машина тоқтады да: «Әй, сары қыз, бері кел» деді. Әкеммен құралыптас кісілер мені «сары қыз» дейтін. Басқа бауырларыма қарағанда етім тірілеу болды.

Үйге біреу телефон соқса жауап беретін мен. Есік қақса ашатын мен. Сөйтіп «танымал» болдым. Ғабеннің қасына бардым. «Халдерің қалай?» деді. «Бізде не хал болатын еді» деп екі көзге екі бердім.

– Жылама, – деді. – Мен бәрін де түсінемін. Қазір заман қиын болып тұр. Гүлжамалға сәлем айт. Өзің кешке үйге келіп кет. Ешкім көрмесін. Бар жайды шешеме баяндадым. Кеш болысымен травмайға отырып Ғабит ағаның үйін бетке алдым. Подъезден кіре беріп едім, жоғарыдан біреу түсіп келеді екен. Бағананы «ешкім көрмесін» дегені бар. Ауызда күл-қоқыс төгетін ыдыс бар екен. Соған кіріп кеттім. Әлгі адам есіктен узағаныш сонда жаттым. Есік алдында Құсчи апам тосып тұр екен. Құшақтап жатыр.

– Айналапың, Гүлжамалға сәлем айт. Бара алмаймыз. Ғабит те бүгін бе, ертең деп отыр, – деді. Қолыма пакет берді: – Мынаны мамана тапсыр. Әлгіні қойымыа тығып үйге де жеткізің-ау ейтеңіз. Үйге келгесін пакетті ашсам бір буыа ақша. Көп ақша. Оны алып шешем еңкілдеп қоя берді. Сәуірдің он үйінде шешемді тұтқындады. Тағы да екі орыс келді. Бірі милиция киімін киген әйел.

– Сіз – халық жауының әйелісіз. Тұтқындалдыңыз.

– Балаларым қайда болады? – деді шешем.

– Онда жұмысыңыз болмасын.

Осының алдында ғана шешемнен жауап алғанымнан хабардар едік. «Бейімбетпен жиырма жыл бірде болдым. Он жетімде қосылдым. Осы жиырма жылда маңдайымнан шертең емес. Қатты сөз айтып көрген жоқ. Бейімбет суға түссе суға, отқа түссе отқа түсемін. Ол қайда жүрсе мен де сонда боламын» депті. Жауап алғандар «Бұл әйел күйеінің сөзін сөйлейді» деп тұтқын-дауға шешім қабылдаған. Мен, Мереке, Еділ үшеуіміз бір балалар үйінде болдық. Гүлсімді кішкентай балалар тұратын Алматыдағы №3-і сөбілер үйіне алып кетті. Бір күні тәрбиешенде үшеуімді үш жердегі – Қарағанды, Семей, Оралдағы балалар үйіне бөліп жіберейін деп жатқанын естідім. Рас екен. Балалар үйінің басшысы қазақ кісі еді. Басымыздан кешкен жайттың бөріні ақтарып салдым. Түсінігі мол екен. Ақырында сөзіме құлақ асып үшеуімді Семейге жіберуге келісті. Еділ Семейде мектепке дейінгі, Мереке екеуіміз бір балалар үйінде болдық. Демалыс күндері үшеуімді де кездесіп тұрық. 1940 жылдың күзінде бізді балалар үйінен жазушылар жіберді. Айтатындары: «Сендер «халық жауының» балалары екенсіңдер. Кейін білдік» дейді. Баратын жерімдізді жоқ екенін жалпынып-жалбарыныып айтып көріп едім, ешкім де тыңдамады. Қаланы аралап жүріп осында ФЗУ барын естідік. Оқу мерзімі бір жыл. Директоры мың болғыр жан екен, жатақханасына орналастырды. Бауырларыма келсем, Әукен 1939 жылы бізді іздеп балалар үйіне келді. Жұмыс істеді. Сол жылы ескерге шақырылды. Содан оралған жоқ. Мереке 1943 жылы соғысқа аттанды. Еділ жанымда. Гүлсімнің Талдықорғанда екенін білдік. Бір қуаныштысы, маманнан хат алып құнып қалдық. Хаттың сыртында Қарағанды, Жарық станциясы, Батық деген жазулар болатын. Мен оқуды томамдағаннан кейін Қарағандының үн комбинатына жолдамал алдым. Ондағы мақсат шешеме жакындау болатын. Мен Қарағандыға ауысқан кезде бір-екі күннен кейін мамам Семейге келіп, бізді іздепті. Қарлағаттың Семейдің ел комбинатына ет өткізеді екен. Мамам бізге бала әдейі сұраныпты. Жолда қос тігіп екі ай жүрген. Соншама жерден сағынып жетсе біз жоқпыз. Әкініштен өзегі тала жаздайды. Көшеге шықса бір шалды көреді. Қасында он бір-он екідегі қыз бала бар екен. Көзіне мен елестегенімді бе әлгі қызды құшақтап, сүйе беріпті. «Балаларымы» деп алып келе жатқан сый-сияғатың соларға беріп кетіпті. Қарағандыға табан тірегенімнен шешемнен қауышу оңай болмады – деді Рәзия апа ауыр күрсініп.

– Соғыстың уақыты. Отан үшін аралпыс жүріп жатыр. 1943 жыл. Қайтсем де мамана бару керек деген мақсат қойдым. Семенов деген комбинат директоры бар еді. Жағдайымды айттым. Жарық станциясына дейін билет тауып беруін өтіндім. Тауып бере алмады. Соғыс кезі. Жолаушылар пойызын кестеден алып тастаған. Зертхананда отырғанмын. Жасы елудің о жақ, бұ жағындағы қазақ кісі кіріп келді. Үстінде шапан. Басында малакай.

– Әй, балақай, қағаз жазып берші. Бір вагон үн алдым. Жарыққа жеткізуді керек, – деді.

Жарық дегенде құлағым елең өте қалды. Шын айтып тұрсыз ба? Жарық станциясы ма?

– Иә, жарық станциясы... Тездет. Жолдан қаламын...

Ал келіп жабысайын.

– Ағатай, осы жолыңызды маған беріңізші. Бір вагон ұныңызды мен-ақ апарайын.

Ол аң-таң.

– Не деп тұрсың өзің. Есің дұрыс па?

– Есім дұрыс. Сеніңіз. Шашау шықпайды. Басыммен жауап беремін.

– Қой, шырағым. Мен де басыммен жауап беремін.

Үлкен кісіге өмірімді, бастан кешкенде-рімді көзімнен жасым төгіле ақтардым. Обалы нешік, өзімді белмей құлақ қоя тыңдады.

– Анамды көрмегенің алты жыл болды.

Еділ де мендей қызыңыз бар шығар. Осы жолыңызды маған беріңіз.

– Қарағым-ай, қайтсем екен... Мені де қиандың-ау. Өзің жап-жас қызың. Бір пәлеге ұрының қаларсың. Бузақылар көп. Жарыққа

бір күнде жете алмайсың. Тупикте тұрасың...

– Оған алаңдамаңыз. Тұрсам-тұрам.

Сөздің түйінін айтсам, ол кісі ақыры келісімін берді. Жүректен жарып шыққан алғысымды айттым. Жөн сұрап едім, «Жаңаарқалықпын. Аңшы Мұхамеджан деген боламын» дегеннен басқа артық пәм демеді. Құжаттарды қайта топтырып, басшылықтан ұлысқат алып жолға шықтым. Қазір Қарағанды мен Жарықтың арасы пойызбен бір-екі сағаттық қана жер. Ол кезде екі күн дегенде өрең жеткенмін. Жарыққа қонып, ертеңіне Батыққа бардым. Шешем Құпқа деген жерде екен. Батықта балалар үйінде бірге болған таныс қыз кездесе кетті. Соның үйінде болдым. Ес жидым. Бір орыс шалдың арбасымен кешкілік Құпқаға жеттім. Арбадан түскен соң он шақты әйел маған қарай жүрді. Сапарымның мақсатын айтып, шешемді сұрадым. Олар анашыма бірден көрінеуім керектігін айтты. Жүрегі ауырады екен. «Әліп кетугі мүмкін» деді. Маңайдағы барак ішіне кіріп тұрдым. Бағана әйелдер қораға қой қамал жүрген өяйді көрсетті. «Маман сол» деген. Сол әйел бермен қарай келе жатыр. Тұрн адам танып болмайды. Бағыз болатын, сыланып жүретін кербез келіңкешке мүлде ұқсамайды. Әкемнің жанында жарқырап жүретін еді-ау... Азып кетіпті. Үстінде тозығы жеткен ақ фуфайка. Ақшыл шалбар. Басында құлақшын. Аяғында көзі етік. Қолында таяқ.

– Жаңа ақ шөлісі бар әйел тусты ғой. Ол кім? – деді топ әйелге.

– Дәрігер әйел ғой, – деп жатыр.

– Ол қайда кетті?

Шыдай алмадым.

– Мама, мен ғой, – деп келдім, – деп атып шықтым.

Дауысымды естіген бойда есінен айырылып талпы да қалды. Екі сағаттай есің хия алмады. Әйелдер жағдайын біледі екен. Су бүкірді. Дәрі іскетті. Әз-өзіне келгеннен кейін әлі де сөйбейді. «Шын келдің бе?» дейді. «Мам, көріп тұрсың ғой. Келдім». Әйелдер айтты. Ол қайда жүрсе мен де сонда боламын» депті. Жауап алғандар «Бұл әйел күйеінің сөзін сөйлейді» деп тұтқын-дауға шешім қабылдаған. Мен, Мереке, Еділ үшеуіміз бір балалар үйінде болдық. Гүлсімді кішкентай балалар тұратын Алматыдағы №3-і сөбілер үйіне алып кетті. Бір күні тәрбиешенде үшеуімді үш жердегі – Қарағанды, Семей, Оралдағы балалар үйіне бөліп жіберейін деп жатқанын естідім. Рас екен. Балалар үйінің басшысы қазақ кісі еді. Басымыздан кешкен жайттың бөріні ақтарып салдым. Түсінігі мол екен. Ақырында сөзіме құлақ асып үшеуімді Семейге жіберуге келісті. Еділ Семейде мектепке дейінгі, Мереке екеуіміз бір балалар үйінде болдық. Демалыс күндері үшеуімді де кездесіп тұрық. 1940 жылдың күзінде бізді балалар үйінен жазушылар жіберді. Айтатындары: «Сендер «халық жауының» балалары екенсіңдер. Кейін білдік» дейді. Баратын жерімдізді жоқ екенін жалпынып-жалбарыныып айтып көріп едім, ешкім де тыңдамады. Қаланы аралап жүріп осында ФЗУ барын естідік. Оқу мерзімі бір жыл. Директоры мың болғыр жан екен, жатақханасына орналастырды. Бауырларыма келсем, Әукен 1939 жылы бізді іздеп балалар үйіне келді. Жұмыс істеді. Сол жылы ескерге шақырылды. Содан оралған жоқ. Мереке 1943 жылы соғысқа аттанды. Еділ жанымда. Гүлсімнің Талдықорғанда екенін білдік. Бір қуаныштысы, маманнан хат алып құнып қалдық. Хаттың сыртында Қарағанды, Жарық станциясы, Батық деген жазулар болатын. Мен оқуды томамдағаннан кейін Қарағандының үн комбинатына жолдамал алдым. Ондағы мақсат шешеме жакындау болатын. Мен Қарағандыға ауысқан кезде бір-екі күннен кейін мамам Семейге келіп, бізді іздепті. Қарлағаттың Семейдің ел комбинатына ет өткізеді екен. Мамам бізге бала әдейі сұраныпты. Жолда қос тігіп екі ай жүрген. Соншама жерден сағынып жетсе біз жоқпыз. Әкініштен өзегі тала жаздайды. Көшеге шықса бір шалды көреді. Қасында он бір-он екідегі қыз бала бар екен. Көзіне мен елестегенімді бе әлгі қызды құшақтап, сүйе беріпті. «Балаларымы» деп алып келе жатқан сый-сияғатың соларға беріп кетіпті. Қарағандыға табан тірегенімнен шешемнен қауышу оңай болмады – деді Рәзия апа ауыр күрсініп.

– Соғыстың уақыты. Отан үшін аралпыс жүріп жатыр. 1943 жыл. Қайтсем де мамана бару керек деген мақсат қойдым. Семенов деген комбинат директоры бар еді. Жағдайымды айттым. Жарық станциясына дейін билет тауып беруін өтіндім. Тауып бере алмады. Соғыс кезі. Жолаушылар пойызын кестеден алып тастаған. Зертхананда отырғанмын. Жасы елудің о жақ, бұ жағындағы қазақ кісі кіріп келді. Үстінде шапан. Басында малакай.

– Әй, балақай, қағаз жазып берші. Бір вагон үн алдым. Жарыққа жеткізуді керек, – деді.

Жарық дегенде құлағым елең өте қалды. Шын айтып тұрсыз ба? Жарық станциясы ма?

– Иә, жарық станциясы... Тездет. Жолдан қаламын...

Ал келіп жабысайын.

– Ағатай, осы жолыңызды маған беріңізші. Бір вагон ұныңызды мен-ақ апарайын.

Ол аң-таң.

– Не деп тұрсың өзің. Есің дұрыс па?

– Есім дұрыс. Сеніңіз. Шашау шықпайды. Басыммен жауап беремін.

– Қой, шырағым. Мен де басыммен жауап беремін.

Үлкен кісіге өмірімді, бастан кешкенде-рімді көзімнен жасым төгіле ақтардым. Обалы нешік, өзімді белмей құлақ қоя тыңдады.

– Анамды көрмегенің алты жыл болды.

Еділ де мендей қызыңыз бар шығар. Осы жолыңызды маған беріңіз.

Кеңес

Әке – баланың бағдаршамы

Отбасында, жалпы бала тәрбиесінде әкенің қандай маңызды рөл атқаратыны айтпаса да түсінікті. Міне, әуелден әкені асқар тауға теңеуіміздің де мәні осында. Әке балаға өнегелі өмірімен бағдаршам болуы тиіс. Өйткені бала сол әке салған сара жолмен жүреді. Алған тәлімін бойына сіңіреді. Сол арқылы адам болып қалыптасады.

Әкенің отбасындағы, жалпы өмірдегі рөлі қандай болуы керек? Кешегі «Руханият» орталығында әкелер күніне орай өткен «Әке жолы – елге үлгі, ұрпаққа – өнеге» атты кездесуде осы сауалдың түйіні тарқатылды. Жиында аудан әкімінің орынбасары Ғани Сүлейменов айтулы күннің маңыздылығына тоқталып, келешегіміз кемел болуда әкенің орны ерекше маңызға ие екенін тілге тиек етті.

– «Бір әкенің берген тәрбиесін жүз мектеп те бере алмайды» деген қанатты



сөздің астарында үлкен мағына жатыр. Бабаларымыз неге олай дейді? Өйткені бала бірінші кезекте әкесін өзіне үлгі тұтады, оған қарап бой түзейді. Міне, сондықтан біз, әкелер оларға дұрыс бағыт-бағдар, тәлім-тәрбие беруде жаңылмауымыз керек. Әрбір жасаған қадамымызды ойланып басып, әрбір сәтте шешім қабылдауда да оларға үлгі болуымыз керек. Отбасында да оларға қандай тәрбие берсек, балалар солай қалыптасады. Қазақтар арысы, ақын Мағжан Жұмабаев «Жас бала – жас шыбық. Оны қалай иіп тастасаң, солай өседі» деп деп айтқан. Демек, бала

тәрбиесімен бұғанасы қатпай жатып айналысу керек. Баланың бас ұстазы – әкесі. Дегенмен, бұл сөз ұстаз бала тәрбиесінде ешқандай рөл атқармайды дегенді білдірмейді. Ұрпақ тәрбиесінде ата-ана мен ұстаздың еңбегі ұштасу керек. Себебі кез келген адам үшін ата-ананың орны қандай болса, ұстаздың да орны сондай. Өйткені мұғалім әлі оң мен солын ажыратып, қолына қалам ұстай алмайтын баланы жаңа өмірге жетелеп, қанатын қомдайды, қиялына қанат бітіреді. Ал ата-ана баласының жаңа өмірге қадамын қолдап, ұстазға көмек қолын созып,

екеуі екі жақтап баланың жан-жақты қырын ашуға талпынады. Осы бала тәрбиесінде әкенің қандай маңызға ие екені айтпаса да түсінікті. Баршаңызды бүгінгі әкелер күнімен шын жүректен құттықтаймын. Отбастарыңызға амандық, дендеріңізге саулық тілеймін. Өсіріп отырған ұл-қыздарыңыз елдің өркендеуіне еңбек ететін үлкен азамат болып қалыптассың, – деді Ғани Кенжеғараұлы.

Салтанатты шараға облыстық «Әкелер одағы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Ержан Искендер, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Садық Әлиев, Жалағаш ауданының қоғамдық даму бөлімінің басшысы Жасұлан Еспенбет және аудандағы көпбалалы әкелер, білім беру ұйымдарының «Әкелер одағы» кеңесінің төрағалары, белсенді жастар мен бөлім, мекеме қызметкерлері қатысты.

Жиында Ержан Ескендірұлы отбасы тәрбиесіндегі әкенің орны, ұрпақ тәрбиесінің жауапкершілігі, ұлттық салт-дәстүрді сақтау жөнінде өз ойымен бөлісті. Ержан Искендердің сөзіне алып-қосарымыз жоқ, расында қазір ауыл мен қала баласының арасында айырмашылық аз. Тіпті бір кездері қазақы жұрт деп қарайтын оңтүстік еңірлерде де балалар, жасөспірімдер арасында қылмыстар орын алуда. Сондықтан бала тәрбиесінде босансұға тағы болмайды.

– Біз қай жағынан да дұрыс шешім қабылдауымыз керек. Әсіресе бала тәрбиесінде босансымауымыз керек. «Баланы өсірдім, оқыттым, қажет деген дүниелерін алып бердім, мен өмекіп парызымнан құтылдым» деген қате түсінік. Бала тәрбиесінде біз алдымен өзімізді тәрбиелеуіміз керек. Өйткені олар бізге қарап бой түзейді. Бұрын балалар, жасөспірімдер арасында ауылдық жерде бір жанжал немесе қылмыс орын ала қалса, елең ететінбіз. Өйткені мұндай көлеңсіз жағдайлар ауыл жұртына жат болатын. Қазір ше, бүгінде бәрі мүлде басқа. Өкінішке орай барығына етіміз үйреніп жатыр. Біз мейлінше бала тәрбиесінде ақсамауымыз керек. Өйткені бүгінгі бала, қазіргі жастар – ертеңгі елдің

болашағы, тұтқасы. Біз бала тәрбиесінде мына мәселені қаперге алуымыз керек. Яғни әрбір әке тек бір ғана адамның болашағына еңбек етіп жатқан жоқ, тұтас бір мемлекеттің болашағын тәрбиелеп отыр. Ой-санамызда осындай түсінік қалыптасып, осындай үлкен жауапкершілікті шын сезінгенде ғана біз бала тәрбиесіне байыппен қараймыз. Бүгінгі мереке баршаңызға құтты болсын, балаларыңыздың қызығын көріңіздер, – дейді «Әкелер одағы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Ержан Искендер.

Басқосуда мұнан өзге де өзекті мәселелер ортаға салынды. Аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Садық Әлиев бастаған абыз ақсақалдар қоғамдағы әкенің рөлі қандай болуы керек, ұрпақ тәрбиесінде қандай мәселелерге басымдық беруіміз керек, осындай сауалдардың түйінін тарқатты.

Жиын соңында кеңес мүшелерінің ортақ келісімімен және ұсынысымен Марат Алдабергөңұлы аудандық әкелер кеңесінің төрағасы болып сайланды. Мұнан бөлек бірқатар азаматқа облыс әкімінің орынбасары Шахмардан Баймановтың және аудан әкімі Ардақ Ибраимовтың құттықтауы табысталды.

Мерекелік басқосуда марапат төрінен көрінгендер қатарында көнт тұрғыны Тұрғанбай Серікбаев та бар. Көпбалалы әке саналы ғұмырын төтенше жағдайлар саласына арнап, аудандық өрт сөндіру бөлімінде ұзақ жыл абыройлы еңбек етті, осы саладан зейнеткерлікке шығып, бүгінде бейнетінің зейнетін көріп отыр. Қазіргі таңда көнже баласы Ғабит Тайманов әке жолын жалғап, аудандық өрт сөндіру бөлімінде қарауыл бастығы болып қызмет атқарады. Ал бір қызы облыс орталығында кітапханашы болып жұмыс жасаса, тағы бір қызы – аудандағы білім ошақтарының бірінде ұстаз. Тұрғанбай Тайманұлы кешегі мерекелік жиында аудан әкімінің алғыс хатымен марапатталды.

Шара аудан өнерпаздарының мерекелік концерттік бағдарламасымен қорытындыланды.

Кенжетай БАЛҒАБАЙ

Мерей

Аналар құрмет төрінде

Жалағаш ауданында бірнеше ұрпақ өсіріп, оларға жақсы тәлім-тәрбие беріп, өнегелі өмірімен кейінгі буынға үлгі болған ардагерлер аз емес. Біз оларға қандай құрмет көрсетсек те артық болмайды. Бейсенбіде «Руханият» орталығында өнегелі өмірімен елге үлгі болған, мерейлі жасқа жеткен мерейтой иелерін құрметтеуге арналған тағылымды шара өтті. Оған аудан әкімінің орынбасары Ғани Сүлейменов, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Садық Әлиев, аудандық білім бөлімінің кәсіподақ ұйымының төрайымы Гүлзат Құрманбаева, аудандық аурухана бас дәрігерінің емдеу ісі жөніндегі орынбасары Гүлсім Каюпова, «МЕГААГРО» ЖШС төрағасы Манарбек Еспанов және аудандық ардагерлер кеңесінің алқа мүшелері, бастауыш ұйым төрағалары мен ауылдық ардагерлер кеңесінің төрағалары қатысты.

Жиында 85 жасқа жеткен Людмила Гошева мен Ұзақ Мақтабаева және 90 жастағы Бибіжан Күлтешова апамызға құрмет көрсетіліп, еңбек жолы насихатталды. Тағылымы мол кездесуде бірқатар ардагер шараның маңыздылығына тоқталып, мерейтой иелерін құттықтады. Мерейлі жасқа жеткен қазынакеуде қарттарға сыйлықтар табысталды.

Тағылымды шарада аудан әкімінің орынбасары Ғани Сүлейменов үлкенге құрмет көрсетуде жалағаштықтар жолынан жаңылмайтынын және мұндай құрметке ардагерлеріміздің лайық екенін тілге тиек етті.

– Жалпы аудан жұрты үлкенге құрмет көрсетуде жолынан жаңылған емес.

Жалағашта өнегелі өмірімен кейінгі буынға үлгі болған сіздердей ардагерлеріміздің тағылымға толы ғұмыры қашанда бізге рухани азық болмақ. Өмірдің ыстық-суығын қатар көріп, бізге адал еңбекті дәріптеуде сіздер үлкен еңбек атқардыңыздар. Алдағы уақытта да бала-шағаларыңыздың қызығын көріп, бақытты ғұмыр көшіңіздер. Отбастарыңызға амандық, дендеріңізге саулық тілеймін. Сіздер салған сара жолды жалғай білсек, өңіріміз өркендеп, ауданымыздың екінші тынысы ашылатынына сенемін. Өйткені сіздерді, өмір жолдарыңызды кейінгі буынға бағдаршам деп білеміз, – деді Ғани Кенжеғараұлы.

Шара соңында ардагерлердің өз-



дері де сөз алып, елге, ұрпаққа деген алғысын айтып, батасын берді. Көпшілік көңіліне жылылық ұялатып, береке мен бірліктің қадірін сезіндірген әсерлі басқосуда тәлім-тәрбиеге, адал еңбекке жастарды баулу, отансүйіштікті дәріптеу жайы сөз болды.

– «Қарты бар елдің қазынасы бар» дейді. Барлық құрметке алғысымыз шексіз. Тәуелсіз елдің ұрпақтары аман болсын. Елдің ертеңіне еңбек ететін жастарды тәрбиелеуде талмай еңбек етіндер және соның жемісін көріндер. Қазақстанның болашағы жарқын бол-

сын. Сол жолда адал еңбек етіндер. Біз қиыншылықтың бәрін көрдік, енді келешек ұрпақ, сіздер ешқандай қиыншылық көрмеңіздер. Біздің жолымызды, жасымызды берсің, – деді ақжаулықты әжеміз Бибіжан Күлтешова.

Бұл иіп бастама – кейінгі ұрпаққа үлгі, қарияға деген құрметтің айғағы. Осындай шаралар арқылы халқымыздың «Қариясы бар ел – қазыналы ел» деген ұлы сөзі өмірімен ұштасып, шынайы мәнге ие болуда.

К.БАЛТАБАЙҰЛЫ



Жалпы тәжірибелі дәрігер

2018 жылы кейіпкеріміз орталыққа қызмет ауыстырды. Мұнда да жауапты маманға №7 аймақтың жұртына сапалы медициналық қызмет көрсету міндеті жүктелді. Сондай-ақ ол бұл сенім үдесінен де шыға білді. Қасындағы 3 мейіргермен жалпы тәжірибелі дәрігер мұндағы 390 отбасының денсаулығын уақытпен санаспай күзетті.

Бұл жақта ересектер арасында денсаулығына байланысты дәрігер көмегіне жүгінетіндер көптеп кездеседі. Олар жүрек ауруымен, және буын ауруларымен ақхалатты абзал жандардан ем алады. Ал қазір балалар арасында іш өту жағдайлары жиі орын алады екен. Мұндай маусымдық аурулармен күресуде Ақмарал Адамбаева бастаған құрам бөлсенді. Сондай-ақ ата-аналармен де байланыс жасап, үздіксіз түсіндірме жұмыстарын жүргізеді.

– Иә, іш өту – маусымдық ауру. Олай дейтініміз, қазір жеміс-жидек, қарбыздың енді пісіп жатқан кезі. Мұндайда диарея да өршиді. Көбіне ата-аналар мұндай өнімді өзі де, баласы да тұтынарда тазалыққа басымдық беруі керек. Яғни көкөністерді жуып жеген абзал. Ешқандай дертпен бізге қоңырау түспесе де, күніне он шақты үйді аралап, аймақ жұртының жағдайын біліп, медициналық тексеріс жүргізумен қатар кеңес береміз. Өйткені біз үшін де, қарапайым халық үшін де дертпен күрескеннен оның алдын алған тиімді. Таңғы сағат 8.00-ден кешкі 18.00-ге дейін жұмыс орнында боламыз. Ол кезде де өз аймағымыздағы адамдармен байланыс үзілмейді. Жұмыс уақытында белгілі бір дертпен қоңырау түссе, міндетті түрде үйіне барып, күрделі болса, осында әкеліп ем-шаралар жүргіземіз. Жұмыстан тыс уақытта да үй-үйді аралап, олардың денсаулығын күзетеміз. Жұмыс уақыты деген аты ғана, болмаса уақытпен санаспайсың ғой, – дейді жалпы тәжірибелі дәрігер.

Иә, Ақмарал Адамбаева уақытпен санаспайды, өйткені осы салада абыройлы еңбек етуді мақсат етті. Бүгінде елдің алғысына бөленуін сол жауапкершілігінің арқасы деп білеміз.

№7 аймақта арнайы бір аурулармен диспансерлік есепте 400-ге жуық адам тұрады. Олардың уақытылы тегін дәрі-дәрмекпен қамтылуы да дәрігердің бақылауында. Мұнан бөлек мұндай науқастарды дертне орай басқа да қалаларға арнайы портал арқылы жолдап, жоғары медициналық ем алуына жағдай жасайды. Жыл басынан бері №7 аймақтан бірнеше науқас хирургия орталығына жолданған. Сондай-ақ тізе ауруымен ауыратын науқастар да еліміздің басқа да қалаларында ем алуға арнайы портал арқылы жіберілген.

Жалпы тәжірибелі дәрігер ол науқастармен байланыс одан кейін де үзілмейтінін айтады. Яғни еліміздің басқа да қалаларынан арнайы ем алып келгеннен кейін де олардың денсаулығы дәрігердің бақылауында болады.

– Олар кейін үш ай сайын, кейде алты ай сайын бізге келіп тексеріліп тұрады. Шақырса, өзіміз де барып медициналық тексеріс жүргіземіз. Әрі қарай қандай күтім жасау қажет, барлығын түсіндіреміз. Мұнан бөлек кешкі 18.00-ден кейін жедел жәрдем шақырған науқастар болса, ол жайлы бізге таңертең түсіп тұрады. Сол бойынша олармен де байланыс жасап, медициналық көмек көрсетеміз. Бағана да айттым ғой, балалар арасында іш өту көбеюде. Мұнан бөлек қазіргі уақытта оларға балмұздақ беруге де болмайды. Өйткені тамақ аурулары да кездесіп жатыр. Баланың имунитеті ересектерге қарағанда төмен, сондықтан олар қатты ыстық пен салқынды көтере алмайды, – дейді тәжірибелі дәрігер.

Бұл ретте маман кеңесіне алып-қосарымыз жоқ, сондай-ақ дәрігердің ақылын ата-аналар қаперге алса дейміз. Өйткені шынында салғырттықтың соңы сырқаттануға әкеліп жатқанын көріп те жүрміз.

Тоғыз жылдық тәжірибе оның бойындағы жауапкершілікті еселеді. Қай уақытта да елге қызмет етуде табандылықтан таймады. Елдің де алғысына бөленді, бірнеше рет басшылықтың да марапатына ие болды. Мұның бәрі сол бойдағы жауапкершіліктің, антқа, мамандыққа адалдықтың өтеуі болса керек.

Қазіргі таңда Ақмарал Адамбаева кенттегі №6 аймақтың дәрігері болып жұмыс жасайды. Мұнда да 1970 тұрғын бар. Олардың денсаулығы жалпы тәжірибелі дәрігер бастаған сала мамандарының бақылауында.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ
Басы 1-бетте

Меншік иесі: СЫР МЕДИА жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Бас директор Марат АРАЛБАЕВ Жалағаш аудандық “Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы Бас редактор Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ	Телефондар: Бас директор - 8(7242) 70-00-36 Бас редактор - 32-0-41 Бас редактордың орынбасары, жауапты хатшы, бөлімдер - 31-5-75	Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрілігінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген. “Жалағаш жаршысы” аудандық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. <i>Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.</i> Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды. Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.	Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сәнімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8(7242) 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 немесе 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады. Таралымы 2850 Тапсырыс №985
--	---	---	--	--